

Орал
гуманитарлық – техникалық
колледжі

КЕЛІСІМ ШАРТ
№ _____

Орал қаласы

БІЛІМ БЕРУ ҚЫЗМЕТТЕРІН КӨРСЕТУДІҢ КЕЛІСІМ ШАРТЫ

«Орал гуманитарлық–техникалық колледж» мекемесі атынан 31.07.2008 ж. алынған, білім беру қызметін жүргізу құқығын беретін АБ№0036433 мемлекеттік лицензиясы, Жарғы негізінде әрекет ететін колледждің атқарушы директоры Л.Ж.Утарбаева, бұдан әрі «Колледж» және екінші жағынан азамат _____ бұдан әрі «Студент», немесе _____,

студенттің ата-анасының аты-жөні немесе заңды тұлға негізге сүйене отырып _____ және азаматтың ұсынысы негізінде _____

бұдан әрі «Тапсырыс беруші», екінші жақтан, келісім бойынша аталған тараптар бірлесіп төмендегілер туралы осы Келісім шартты (бұдан әрі –Келісім шарт) жасады:

I. ШАРТТЫҢ МӘНІ

1) Студент - таңдап алынған білім беру бағдарламасы бойынша білім алу мен оқу төлемақысын төлеуді, колледж Студент үшін оқу үрдісін ұйымдастыру және мамандығы, _____ біліктілігі бойынша _____ оқу мерзімімен 2023 жылдың «___» қыркүйегінен 20 _____ жылдың «___» _____ аралығында білім алудың күндізгі түрі бойынша мекеменің оқу жоспарына сәйкес, білім беру қызметімен қамтамасыз етуді өз міндетіне алады.

2) Тиісті мемлекеттік стандарт шеңберінде көрсетілетін білім беру қызметі үшін төлем жасау валютасы теңгемен бекітіледі.

2.1. Оқудың төлем ақысы 2023-2024 оқу жылында күндізгі бөлімде **170 000 (жүз жетпіс мың) теңгені құрайды.** «Музыкалық білім беру» мамандығы бойынша, музыкалық аспаптарда жеке оқытуға орай, оқу ақысының дифференциалды жоғары бағасы **200 000 (екі жүз мың) теңгені құрайды.**

2.2. Оқуға төлем ақы колледждің есеп шотына тиісті соманы толығымен немесе бөліп 2 транш жолы арқылы төлеу іске асырылады.

Бірінші транш – жылдық оқу ақысының 50%- ын 25 тамыздан кеш емес төлеу;

Екінші транш – қалған 50%- ын ағымдағы жылдың 1 желтоқсанынан кешіктірмей төлеуге.

Жоғарыда көрсетілген соманың қайсысын болса да кешіктірілген жағдайда, студент (тапсырыс беруші) колледжге кешіктірілген әр күн сайын қалған соманың 0,1% көлемінде өсімпұл төлейді. Төлем ақының кешіктірілуі күнтізбенің 1-күнінен бастап, келесі күндері болып саналады. Өсімпұл төлем ақы төлеудің белгіленген күнінің келесі күнінен бастап қосылады.

Ерекше жағдайда колледж оқыту үшін төлем ақы тәртібіне байланысты жеке жеңілдікті қарастыруы мүмкін.

2.3. Бағаны құрайтын факторлардың өзгеруіне байланысты Колледж оқу ақысының көлемін көтеру құқығына ие, оған сай негізгі келісімшартқа қосымша келісім жасалады.

2.4. Оқу ақысының (3-4жыл) толық курс төлемақысы төленген жағдайда артық шығындар қосылмайды.

3. Карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде оқу процесі колледж таңдаған қашықтықтан білім беру технологияларын (бұдан әрі-ҚБТ) қолдану арқылы қашықтықтан оқытуға ауысады. ҚБТ қолдану арқылы білім беру үдерісі Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту Министрлігінің 2015 жылғы 20 наурыздағы №137 бұйрығымен бекітілген ҚБТ бойынша оқу процесін ұйымдастыру ережелеріне сәйкес жүргізіледі.

II. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

4.Колледж құқылы:

1) осы келісім шарт пен ішкі тәртіп ережелеріне сәйкес Студенттен міндеттерін адал және дұрыс орындауды, сондай-ақ оқу тәртібін, оқытушылармен, қызметкерлермен және оқушылармен әдепті және сыпайы қатынастарды сақтауды талап етуге;

2) Студентке осы келісім шарт пен ішкі тәртіп ережесінің оқыту тәртіптерін бұзғаны үшін тәртіптік ықпал шараларын қолдануға;

3) Студенттен колледждің мүлкіне ұқыпты қарауды, компьютерлік және басқа да техниканың жұмысының ережесін сақтауды талап етуге. Студент тарапынан материалдық зиян келтірілсе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында қарастырылған тәртіппен шыққан шығынды қалпына келтіруді талап етуге;

4) Студентті оқудағы, ғылыми және шығармашылық жұмыстардағы жетістіктері үшін мақтауды, марапаттауды жүзеге асыруға;

5) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 5191 тіркелген) себептер бойынша, сондай-ақ білім беру ұйымының Жарғысы бұзылған жағдайда студенттер қатарынан шығарылған жағдайда Шартты біржақты бұзуға.

6) Студенттерден қалдырылған сабақтарын міндетті түрде өтеуін талап етуге.

5. Колледж өз міндетіне алады:

1) Студентті білім беру ұйымының Жарғысымен, Ішкі тәртіп ережесімен және колледжге қабылдау тәртібін реттейтін басқа да нормативтік-құқықтық актілермен таныстыруға;

2) Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес маман даярлауды қамтамасыз етуге;

3) қабылдау емтиханының (әңгімелесу) қорытындысы бойынша (немесе академиялық қарызын өтеген жағдайда басқа білім беру ұйымдарынан ауысқан) колледждің Студенттері қатарына өзі немесе Тапсырыс беруші (өкілі) жылдық төлем ақысының 50% төлеген жағдайда қабылдауға;

4) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығымен (Мемлекеттік нормативтік құқықтық актілер тізілімінде № 23890 болып тіркелген) бекітілген "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларына сәйкес оқу жүктемесінің көлемін айқындау;

5) колледж кітапханасының ақпараттық ресурстарына еркін қол жеткізуді және пайдалануды; оқулықтармен, оқу-әдістемелік кешендермен, оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз етуге;

6) Студентке колледж директоры бекіткен, негізгі ережеде қарастырылған тәртіппен және оқу бағдарламасы шеңберінде тапсырманы орындау үшін компьютерлік техниканы қолдану мүмкіншілігін беруге;

7) колледждің оқу жоспарына сәйкес Студенттің кәсіптік практикадан өтуін ұйымдастыруға;

8) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрінің 2015 жылдың 20 қаңтарындағы бекітілген №19 бұйрығына сәйкес (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №10297 тіркелген) (бұдан әрі- ауысу және қайта тапсыру Ережелері), Студентті бір мамандықтан екінші мамандыққа немесе бір оқыту нысанынан басқасына, сондай-ақ басқа білім беру ұйымына ауыстыруға;

9) бұйрық шыққан кезден бастап оқудың ағымдағы кезеңіндегі шығыстардың шегерілуін ескере отырып, келісімшартты бұзғаннан кейін студентке төленген соманы қайтаруға;

10) Студенттің колледждегі ғылыми, мәдени және спорттық шараларға, сонымен қатар халықаралық ғылыми, мәдени және спорттық өмірге қатысуға мүмкіндік беру;

11) толық оқу курсың сәтті аяқтағаннан кейін және қорытынды аттестаттаудан өту нәтижелері бойынша «Мемлекеттік стандарттың білім беру құжаттарының түрлері мен нысандарын және оларды беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2015 жылғы 28 қаңтардағы №39 бұйрығымен бекітілген тиісті нысандағы білім туралы құжатты (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №10348 тіркелген) беру;

12) білім беру ұйымы таратылған немесе білім беру қызметі тоқтатылған жағдайда, Студенттерді басқа білім беру ұйымында оқуын жалғастыруға көшіру бойынша шаралар қабылдау;

13) Карантиндік, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде - білім алушыға барлық оқу, анықтамалық және әдістемелік материалдарды қамтитын білім беру порталына немесе ақпараттық жүйеге қол жетімділікті қамтамасыз ету; технологиялармен және оқыту жүйесімен таныстыруды; Студенттің үлгерімі мен сабаққа қатысуын жүйелі бақылауды жүзеге асыру.

III. СТУДЕНТТІҢ ҚҰҚЫҒЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

6. Білім алушы құқылы:

1) ауысу және қайта қабылдау Ережесіне сәйкес, белгіленген тәртіппен бір білім беру мекемесінен екіншісіне, бір мамандықтан екіншісіне, ақылы негізден мемлекеттік тапсырыс бойынша оқытуға, оқудың бір түрінен басқасына ауысуға;

2) ата-анасының өтініші болған жағдайда, оқу ақысын өтініште көрсетілген кесте бойынша бөліп төлеуге;

3) мемлекеттік стандарттың үстінен қосымша білім беру қызметін (ақылы және ақысыз) пайдалануға;

4) кітапхана мен оқу залындағы оқулықтарға, оқу-әдістемелік әдебиеттерге еркін қол жеткізуге және пайдалануға;

5) студенттік (оқушылық) өзін-өзі басқару органдарына қатысуға.

7. Білім алушы өз міндетіне алады:

1) Колледждің Жарғысын, осы келісім шартты және ішкі тәртіп ережесін, Колледж актілерін сақтауға және орындауға, міндетті киім формасына қойылатын талаптарды сақтауға;

2) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары көлемінде білім, шеберлік және тәжірибе дағдыларын игеруге, оқу және практикалық сабақтардың барлық түрлеріне қатысуға;

3) колледждің мүлкіне ұқыпты қарау және оны тиімді пайдалану, оқу мен жатақханада тұру үшін дұрыс жағдай жасауға қатысуға;

4) Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2017 жылғы 24 қаңтардағы №28 бұйрығымен бекітілген Әскери қызметшілер мен әскери міндеттілерді әскери есепке алу ережелеріне сәйкес әскери есепке алу ережелерін сақтау (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №14881 нөмірімен тіркелген);

5) колледждің оқытушыларымен, қызметкерлерімен, білім алушыларымен әдепті және сыпайы қатынастарды сақтауға;

6) Студент төтенше жағдай сипатындағы салдар және басқа да себептермен сабаққа қатыса алмаса, сол күннен бастап бір апта ішінде растайтын құжаттары мен жағдайы туралы еркін нысанда жазбаша хабарлауға;

7) отбасы жағдайы, байланыс ақпараты (мекен жайы, телефоны, электрондық пошта және т.б.) өзгерген жағдайда Колледжге хабарлауға;

8) Студент амбулаторлық немесе стационарлық емделген жағдайда колледжге растау құжаттарын көрсетіп, жазбаша түрде ескертуге;

9) келісімшарттың 2.2-тармағына сәйкес білім беру қызметтері үшін уақытылы төлеу;

10) өз жетекшісімен кез-келген себеппен қалдырылған сабақтарын міндетті түрде өтеуге;

11) карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде:

- қол жетімді техникалық құралдарды қолдана отырып, білім беру порталында немесе ақпараттық жүйеде оқу курстарын өз бетінше оқуға;

- сабақтарға он-лайн және оф-лайн режимінде жүйелі түрде қатысуға;

- сабақ кестесі мен оқу процесінің графигіне сәйкес бақылаудың барлық түрін тапсыруға;
- педагогпен үнемі байланыста болуға;
- қол жетімді байланыс құралдары арқылы сабақ кестесімен, сабақ тақырыптары және мазмұнымен уақытылы танысуға;
- ТжКБ колледжі бекіткен қол жетімді байланыс құралдары арқылы тапсырмаларды өз бетінше орындауға;
- қол жетімді байланыс құралдары арқылы педагогке орындалған тапсырмаларды уақытылы ұсынуға;
- қолда бар сандық білім беру ресурстарын пайдалануға.

IV. ТАПСЫРЫС БЕРУШІНІҢ ҚҰҚЫҒЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

8. Тапсырыс беруші міндетті (тапсырыс берген жағдайда):

1) 2.1; 2.2 тармақтарына сәйкес, білім беру қызметтері үшін уақытылы төлем жасауға.

9. Тапсырыс беруші құқылы (тапсырыс берген жағдайда):

1) Студенттен осы Келісім шартқа сәйкес міндеттерді адал және дұрыс орындауды талап етуге.

V. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

10. Оқу ақысы төленбеген жағдайда Студент тиісті сессияға жіберілмейді және колледжден шығарылады. Төленбеген оқу ақысы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өндіріледі.

11. Қарызды жабу үшін 3 (үш) жұмыс күні ішінде қаржы төлеу Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрлігі белгілеген тәртіппен Студентке колледжге қайтадан қабылдануына құқық береді.

12. Оқуы үшін ақысын төлемеуі себепті Студент колледжден шығарылған жағдайда қарыз қайтарылғанға дейін академиялық анықтама және басқа да құжаттар берілмейді.

13. Колледжді бітіру сәтіне төлем ақы бойынша қарыз болса қарыз қайтарылғанға дейін бітіру туралы құжат берілмейді.

14. Осы тараптардың өз міндеттерін орындамағаны немесе дұрыс орындамағаны үшін келісім шартта қарастырылмаған жағдайларда Қазақстан Республикасының заңнамаларында қарастырылған жауапкершілікті мойындарына алады.

15. Студент оқу ақысын алдын-ала төлеген жағдайда, (денсаулығынан басқа) өз еркімен және басқа да себептермен (сабағының үлгермеуі, колледждің ережесін, жатақхана тәртібін бұзу) ағымдағы оқу жылындағы төлеген ақылары қайтарылмайды.

VI. ДАУДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

16. Осы келісім шартты орындау кезінде пайда болған қайшылықтар мен даулар өзара қолайлы шешімге келу мақсатында тікелей тараптармен қаралады.

17. Егер тараптар келіссөздер жүргізу арқылы қандай да бір мәселені шеше алмаса және осыған қатысты өзара қолайлы шешім қабылдай алмаса, онда бұл мәселе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен сәйкес шешіледі.

VII. КЕЛІСІМ ШАРТТЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ, ОНЫ ӨЗГЕРТУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ БҰЗУ

18. Осы келісім шарт Тараптардың қол қойған мерзімінен бастап күшіне енеді және оның толық орындалуына дейін қолданыста болады.

19. Тараптардың өзара жазбаша келісімі бойынша осы келісім шарттың талаптарының өзгеруі және толықтырылуы мүмкін.

20. Колледж атқарушы директорының тиісті бұйрық шығаруы тараптар арасындағы шарттық қатынастардың тоқтатылу сәті болып табылады.

21. Осы келісім шарт бірдей заңды күші бар 2 (екі) дана мемлекеттік немесе орыс тілдерінде жасалынады және бір дана Студентке беріледі, екінші данасы колледжде қалдырылады.

22. Тараптардың заңды мекен-жайы, банктік реквизиттері.

«Орал гуманитарлық- техникалық колледж»
мекемесі

Орал қ-сы, К. Аманжолов к-сі, 108 үй

Р/С KZ91856000000524968

«Банк Центр Кредит» АҚ

БИК KСJBKZKX

БИН 980740000146

Атқарушы директор

Утарбаева Л.Ж. _____

М.О.

Студент:

(Білім алушы, заңды өкілі, тапсырыс беруші аты-жөні,
мекен-жайы)

(Туған жылы, ЖСН, жеке куәлік №, қашан, кіммен берілді)

Мекен-жайы: _____

Байланыс телефоны: _____

Ата-ана, заңды өкіл қолы _____

